

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 22 мамыр N 401. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай Жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімі мен Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 317 U990317\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 1999 ж., N 58, 559-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

"Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшелері (мемлекеттік қызметшілер мәртебесін иеленушілер) және мемлекеттік инспекторлары," деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторлары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік инспекторлары";

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілері антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік саяси қызметшілерінің ант беру тәртібін бекіту туралы" 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 372 U000372\_ Жарлығында:

2-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияның мемлекеттік қызметшілер мәртебесі бар мүшелері", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияның мемлекеттік инспекторлары" деген сөздер алынып тасталсын;

3)

Ескерту. 3)-тармақша күшін жойды - ҚР Президентінің 2001.03.26. N 575  
жарлығымен.

U 0 1 0 5 7 5 \_

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:  
Қасымбеков Б.А.  
Икебаева Ә.Ж.